

Г.Ж. Бейсембекова¹, М.А. Алтысбес²

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің докторанты,
Астана қ., Қазақстан, E-mail: gulbagira_26@mail.ru
<https://orcid.org/0009-0005-5542-8041>*

*Тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық Университетінің профессоры, Астана қ., Қазақстан,
E-mail: alpysbes@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0001-5670-251X>*

«МОҢҒОЛДЫҢ ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕСІ» — XII–XIII ҒҒ. КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ: ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада «Моңғолдың құпия шежіресінің» тарихнамасы, деректанулық негіздері, таралу жолдары және ғылыми айналымға ену кезеңдері кешенді түрде қарастырылады. Аталған жазба дерек Шыңғыс қаған дәуіріндегі қоғамдық қатынастардың сипатын, билік құрылымының қалыптасуын және сол кезеңдегі рухани дүниетанымды зерделеуде маңызды тарихи мәліметтер береді. Сонымен қатар, шежіре көшпелі түрік-моңғол тайпаларының дүниетанымы жөніндегі деректерді қамтуымен ерекше құнды. Дүние жүзі ғалымдарының еңбектері негізінде туындының мазмұны, деректік сипаты айқындалып, құндылығы өлшенеді. Дереккөздің өзіне дейінгі Ұлы Дала кеңістігінде ғұмыр кешкен түркі қауымдарының рухани-мәдени қазыналарымен тарихи-мәдени сабақтастығы және кейінгі шежірелік дәстүрге тигізген әсері сараланады. Генеалогиялық мәліметтердің, мифологиялық элементтердің және тарихи оқиғалардың өзара байланысы қарастырылып, олардың саяси идеологияны қалыптастырудағы рөлі бағаланады. Көшпелі қоғам тарихын зерттеудегі деректік және теориялық мәселелер отандық, кеңестік және шетелдік тарихнама аясында қарастырылады. Зерттеудің әдіснамалық негізін әр кезеңдегі ғылыми еңбектерге жасалған жүйелі шолу және олардың тұжырымдарын салыстырмалы талдау құрайды. Зерттеу нәтижесінде жазба тарихи мұраның көшпелі өркениетті зерттеудегі ғылыми және деректанулық маңызы айқындалып, оның қазіргі тарихи танымдағы орны жүйеленеді.

Кілт сөздер: «Моңғолдың құпия шежіресі», Шыңғыс қаған, Тәңір, түрік, моңғол, деректанулық талдау, тарихнама, көшпелі қоғам, түрік-моңғол тайпалары.

Г.Ж. Бейсембекова¹, М.А. Алпысбес²

Докторант Евразийского Национального Университета им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан. E-mail: gulbagira_26@mail.ru

<https://orcid.org/0009-0005-5542-8041>

Доктор исторических наук., профессор
Евразийского Национального Университета им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

E-mail: alpysbes@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-5670-251X>

«СОКРОВЕННОЕ СКАЗАНИЕ МОНГОЛОВ» — КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ КОЧЕВОГО ОБЩЕСТВА XII–XIII вв.: ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

В статье комплексно рассматривается историография, источниковедческие основы, пути распространения и этапы введения в научный оборот памятника «Сокровенное сказание монголов». Данный письменный источник содержит важные исторические сведения для изучения характера общественных отношений эпохи Чингисхана, формирования структуры власти и духовного мировоззрения того времени. Особую ценность хроника представляет как источник по мировоззрению кочевых тюрко-монгольских племён. На основе трудов ученых мира раскрываются содержание произведения, его источниковедческий характер и определяется его научная ценность. Анализируется историко-культурная преемственность памятника с духовно-культурным наследием тюркских сообществ, населявших пространство Великой Степи до его создания, а также его влияние на последующую генеалогическую традицию. Рассматривается взаимосвязь генеалогических сведений, мифологических элементов и исторических событий, оценивается их роль в формировании политической идеологии. Источниковедческие и теоретические проблемы изучения истории кочевого общества анализируются в контексте отечественной, советской и зарубежной историографии. Методологическую основу исследования составляет системный обзор научных трудов различных периодов и сравнительный анализ представленных в них концепций. В результате исследования определяется научное и источниковедческое значение данного письменного памятника в изучении кочевой цивилизации, а также систематизируется его место в современной исторической науке.

Ключевые слова: «Сокровенное сказание монголов», Чингиз каган, Тенгри, тюрк, монголы, племя, источниковедческий анализ, историография, кочевое общество, тюрко-монгольские племена.

G.J.Beissembekova¹, M.A.Alpysbes²

PhD student of the Eurasian National University named after L.N.Gumilyev, Astana, Kazakhstan.

E-mail: gulbagira_26@mail.ru

<https://orcid.org/0009-0005-5542-8041>

Doctor of Historical Sciences., professor

of the Eurasian National University named after L.N.Gumilyev, Astana, Kazakhstan

E-mail: alpysbes@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-5670-251X>

«THE SECRET HISTORY OF THE MONGOLS» — AS A SOURCE FOR THE STUDY OF NOMADIC SOCIETY IN THE 12th–13th CENTURIES: A SOURCE-CRITICAL ANALYSIS

Abstract

The article comprehensively examines the historiography, source-critical foundations, transmission pathways, and stages of introduction into scholarly circulation of *The Secret History of the Mongols*. The work is analyzed as a significant historical source that provides a basis for understanding the social relations, structure of power, and spiritual world of the era of Chinggis Khan, thereby enabling the study of the historical memory and worldview of nomadic civilization. The chronicle is of particular value as it contains important data on the worldview of the nomadic Turkic-Mongol tribes. Drawing upon the works of scholars worldwide, the article clarifies the content of the text, defines its source-critical character, and assesses its scholarly significance. It also analyzes the historical and cultural continuity of the source with the spiritual and cultural heritage of Turkic communities that inhabited the Great Steppe prior to its composition, as well as its influence on subsequent genealogical traditions. The interrelationship between genealogical data, mythological elements, and historical events is examined, and their role in shaping political ideology is evaluated. Source-critical and theoretical issues in the study of nomadic society are considered within the framework of national, Soviet, and foreign historiography. The methodological foundation of the research consists of a systematic review of scholarly works from different periods and a comparative analysis of their conclusions. As a result, the study determines the scholarly and source-critical significance of this written historical monument for the study of nomadic civilization and systematizes its place in contemporary historical scholarship.

Keywords: The Secret History of the Mongols, Genghis Khan, Tengri, Turks, Mongols, tribe, source criticism, historiography, nomadic society, Turkic-Mongol tribes.

Кіріспе. Кең дала байтағындағы түркілік кезеңінің көшпелі мәдениеттің тарихында, әлемдік тарихи үдерістерге елеулі ықпал еткен күрделі құбылыс болғаны белгілі. Осы үдерістердің ішкі сипаттарын, көшпелі мемлекеттің құрылымдық ерекшеліктерін, билік легитимациясының дәстүрлі тетіктерін және әлеуметтік қатынастар жүйесін түсіну үшін түпнұсқа дереккөздерді деректанулық тұрғыдан кешенді талдау қажеттілігі бар. Осы тұрғыда «Моңғолдың құпия шежіресі» – түрік-моңғол қауымының болмысын бейнелейтін маңызды жазба ескерткіш.

Бұл туынды Орталық Азия көшпелілерінің тарихи-мәдени мұрасы екені мәлім. Шығармада Шыңғыс қағанның арғы тегі, ата-баба шежіресі, өмір жолы, әскери жорықтары, дүниетанымы мен наным-сенімі жүйелі түрде қамтылып, тарихи оқиғалар көркем тілмен ықшам әрі нұсқа түрде жеткізілген. Онда түрік-моңғол халықтарына ортақ мифологиялық түсініктер, тәңірлік ұғымдары, билеушінің титулдары және легитимділігі туралы түсініктер берілген. Билеушінің шығу тегі мен әулеті туралы баяндайтын құжат ретінде түрік-моңғол қауымдарының тұрмыс-тіршілігін, әскери-саяси құрылымын зерттеу дереккөзі ретінде ғылыми тұрғыдан қарастыру жаңа мүмкіндіктерді ашады.

Біздің басты мақсатымыз – тарихты дамыту үшін қарастырып отырған шығарманың тарихи-танымдық қырларын зерттеу. Еуроцентристік тар көзқарас шеңберінде көшпелі қауымдары мемлекет құрмаған деген сыңаржақ ұстаным біршама уақыт ғылымда болған еді. Алайда олардың әскери дәстүрлері, салық жинау жүйесі, басқарушылық тәртібі, билеушілер әулеті, және тағы басқа толып жатқан белгілері мемлекет институтының айғағы. Зерттеліп отырған дереккөз Орталық Азия көшпелі халықтарына ортақ мәдени мұра ретінде ғана емес, қазақ халқының этникалық тарихы мен рухани мәдениетінің қалыптасу үдерістерін ғылыми тұрғыда зерделеуде маңызды деректік мәнге ие кешенді жазба ескерткіш ретінде қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу нысаны ретінде төл туындының қазақ тіліне аударылған мәтіні негізгі дереккөз ретінде қолданылады. Зерттеу аясында аталған шежіренің мәтіні ішкі құрылымдық байланыстар мен контекстік бірліктер тұрғысынан талданады. Оқиғалардың логикалық жүйесі мен баяндау реттілігі сараланып, мәтіндегі идеялық тұтастықты қалыптастыратын негізгі факторлар ғылыми тұрғыда негізделеді.

Шежірелік деректердің бастапқы өзегі Шыңғыс қаған кезеңінен кейінгі билік мұрагерлері арқылы таралып, олардың Орталық Азия аймағының әр бөлігінде жүргізген саяси үстемдігі нәтижесінде мазмұны мен сарындары ұқсас көптеген генеалогиялық нұсқалардың қалыптасуына негіз болғаны аңғарылады. Сондықтан да, бізге жеткен ғылыми-зерттеу еңбектерін салыстырмалы мәтіндік талдауды жөн көрдік.

Зерттеуде кеңестік ғалымдар Б. Панкратов пен С. Козиннің аталған дереккөзді аударуда атқарған қызметі мен оны ғылыми айналымға енгізудегі рөлі жан-жақты талданады.

Мақаланы объективті түрде зерделеуде түсіндіру, құжаттарды салыстыру, сондай-ақ деректерді сараптау мен жүйелеу әдістері қолданылады. Бұл әдістер тарихи деректердің мазмұнын кешенді түрде ашуға және ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау. Шыңғыс қағанның өмірі мен қызметіне қатысты мәселелер әлемдік ғылымда кең көлемде зерттеліп келеді. XIX ғасырдан бастап дүние жүзінің ғалымдары «Моңғолдың құпия шежіресін» тілдік, тарихи және мәтінтанулық тұрғыда талдап, көптеген іргелі еңбектер жариялады. Зерттеулерде билеушінің тұлғасы тек жаулап алушы қолбасшы ретінде емес, көшпелі мемлекеттілікті жаңа деңгейге көтерген реформатор, заң жүйесін қалыптастырушы және саяси ұйымдастырушы ретінде қарастырады. Бұл деректер саяси үрдістердің ішкі логикасын түсінуге мүмкіндік береді және көшпелі қоғамның даму заңдылықтарын ашып көрсетеді.

Академик Р. Бердібаев туындының тарихи маңызы жөнінде: «Түркі-моңғол халықтарының біразына кеңінен таралған аңыз-әңгімелердің түп-төркіні «Моңғолдың құпия шежіресі» деп аталатын, аты-жөні белгісіз автор тарапынан 1240 жылы жазылған еңбекке тіреледі. Шыңғыс хан жаулаушылығының ізі суымай, сол оқиғаларға қатысушылардың көзі тірі кезінде дүниеге келген бұл шығарма нақты тарихи мағлұматтарымен құнды. Мұнда қазақтың аса ірі, көне руларының ерте кезеңдегі тарихына, мекен-жайына және өзара байланыстарына қатысты маңызды деректер қамтылған» [1, 225 б.], - деп сипаттайды.

«Моңғолдың құпия шежіресі» алғаш зерттелген сәттен бастап әлемдік деңгейдегі ғалымдар тарапынан олардың ғылыми ізденістеріне сәйкес әртүрлі аталған. Туындының қытайша көшірмесінің бастапқы парағында «Юань-чао ми ши» және «Ман-хо-лунь нюча то-ча-ань» деген қытай иероглифті жазуы бар. Оны зерттеушілер орысша «Монгольский обыденный изборник», «Сокровенное сказание», «Тайная история монголов», ағылшынша «The Sekret History of the Mongols» деген атаумен аударды [2, 23 б.].

Қытайша мәтіннің басталуы: «Юань-чао би ши», «Чинкиси кахан-ну кужаур» (Юань-чао ми-ши, Шыңғыс қағанның тегі) деген екі жол бар. И.Иринчин, Б.И.Панкратов «Юань-чао ми ши» дегені Мин дәуірінде қытайлықтар осы төрт иероглифті атауын қайтадан монғолшаға аударып «Ман-хо-лунь нюча то-ча-ань» яғни «Юань мемлекетінің жасырын тарихы», - деген

атау берген [2, 24 б.]. Демек, осы екі жол жазу бізге туындының қытай тілінен қазақ тіліне аударғанда бір әулеттің құпия тарихы және Шыңғыс қағанның шежіресі деген мағына беретінін байқауымызға болады.

Көрнекті кеңес шығыстанушысы Б. И. Панкратов (1892–1979) «Юань-чао би-ши» еңбегін зерттеуге 50 жылдан астам өмірін арнады. Зерттеуші бұл еңбекке жан-жақты дайындықпен келген, өйткені ол бір мезгілде жоғары деңгейдегі моңғолтанушы әрі қытайтанушы ретінде танылған [3, 103 б.]. Ол 65 жасында «Юань-чао би-ши» еңбегімен айналысуды «баяғыда бастағанын, кейін тастап, қайта қолға алып, өңдеп, қайта қарап шыққанын» еске алған. Бұл жазба мұрамен салыстырмалы және қарқынды түрде 1921–1929 жылдары, 1957–1959 жылдары айналысқанын, толық емес мәліметтерге қарағанда, ғалым 1941 жылы, 1960–1964 жылдары, сондай-ақ 1968 жылдың екінші жартысынан 1970 жылдың басына дейін де «Юань-чао би-ши» еңбегіне белгілі бір дәрежеде қайта оралып отырғанын баяндайды [3, 103 б.]. Синолог ғалым өзінің қажырлы еңбегінің нәтижесінде аса маңызды зерттеу жасап, ғылым саласын жаңа мәліметтермен толықтырды.

Ала ад-дин Ата-Мәлік Жувейнидің «Жаһанды жаулаушының тарихы» атты еңбегінің бірінші томында Шыңғыс қағанның өмірі, шығу тегі мен тікелей мұрагерлерінің билігі, моңғол және түрік тайпаларының рөлі баяндалады. XIII ғасырдың соңында Ата-Мәлік Жувейни өз еңбегінде тарихи деректерді салыстырмалы талдау негізінде қолданса, XIV ғасырдың басында Рашид ад-Дин Жамиғ ат-тауарих шығармасында мәліметтерді жүйелеп, оларды ғылыми тұрғыда саралау дәстүрін одан әрі дамытты.

Рашид ад-дин Фазлуллах ибн Әбу әл-Хайр Хамадани (1247–1318 жж.) түрік-моңғол тарихын зерттеуде аса көрнекті ғалым ретінде танылды. Ғұлама ғалымның «Жамиғ ат-тауарих» – энциклопедиялық тарихи-деректанулық шығармасының маңызы зор. Бұл классикалық еңбегінде Шыңғыс қағанның өмір баяны мен шежіресі, ғасырлар бойы билік құрған ұрпақтарының жылнамасы, тайпалық құрылымдар, жер-су атаулары егжей-тегжейлі баяндалады [4, 5 б.]. Алайда ғалымның шығармасындағы көптеген мәліметтер «Моңғолдың құпия шежіресінде» кездеспейді. Есімдері әйгілі ирандық екі тарихшы Хулагу әулетінің мұрагерлері билік еткен сарай ортасымен тығыз байланыста қызмет атқарды. Мұндай жағдай олардың мемлекеттік кеңсе құжаттарына, билеушінің өмір жолы мен оның ұлдарының қызметі, мемлекет басқару жүйесі, тайпалық құрылымы туралы қалыптасқан ауызша тарихи деректерге тікелей қол жеткізуіне мүмкіндік туғызған.

«Моңғолдың құпия шежіресінде» баяндалатын оқиғалар Қадырғали Қосымұлы Жалаиридің «Жылнамалар жинағы» (1602) мен Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресі» (1665) еңбектерінде де жүйелі түрде қамтылған. Аталған шығармалар түрік-моңғол халықтарының тарихи жады мен шежірелік дәстүрін сақтаған маңызды жазба мұралар болып табылады. Қадырғали Жалаири XVI–XVII ғасырлар тоғысындағы көрнекті шежіреші ретінде қазақ тілінде жазылған тұңғыш ғылыми-тарихи еңбек – «Жылнамалар жинағын» жазып қалдырды. Аталған еңбекті ғылыми тұрғыдан зерттеу Шоқан Уәлихановтан басталады. Ол Қадырғали би еңбегінің құндылығын түсіне отырып, қазақ халқының тарихына қатысты бөлімдерін орыс тіліне аударған [5, 12 б.]. «Жамиғ ат-тауарих» пен «Моңғолдың құпия шежіресі» мәтіндерінің арасындағы сюжеттік және мазмұндық байланыстарды алғаш рет аңғарып, салыстырмалы түрде көрсеткен тұлға – Қадырғали Жалаири.

Әбілғазы хан өз еңбегінде Шыңғыс қағанның ата-бабалары, туыстары мен ұрпақтарының туған және қайтыс болған жылдары, сондай-ақ олардың саяси және әскери қызметі туралы парсы немесе түрік тілдерінде дербес кітаптар жазу дәстүрге айналғанын атап көрсетеді. Сонымен бірге, өзіне дейін осы тақырыпта он сегіз шығарманың жазылғанын хабарлайды [6, 14 б.]. Ғұлама ғалым жөнінде зерттеушілер: «Хорезмдік сұлтан әрбір аңызды қай дерек-көзден, қай еңбектен алғанын нақты көрсетпегенімен, оның келтірген мәліметтері жоғары деңгейде, дәл әрі бастапқы дереккөздермен толық сәйкес келетінін баяндайды» [6, 6 б.].

Осындай теңеулер ғалымның «Түрік шежіресі» еңбегін деректанулық тұрғыдан тарихи оқиғаларды дәл, әрі дәйекті мәліметтерге сүйене отырып жазғанын көрсетеді. Еңбектің құндылығы оның таза көне түркі тілінде жазылуымен айқындалады. Әбілғазының өз мәлімдеуінше, бұл шығарма «бес жасар бала да түсінетіндей», қарапайым түркі тілінде жазылып, араб және парсы тілдерінен алынған сөздер қолданылмаған. Шежіре тоғыз баптан тұрады. Деректік тұрғыдан аса маңызды болып табылатын «Моңғолдан Шыңғыс ханға дейін» бөлімінде Шыңғыс қағанның нұрдан жаратылған ата-бабаларының шежіресі баяндалады. Аталған бөлімде «Алаңқоның таңғажайып хикаясы» және «Алаңқоның балаларының баяны» [6, 51 б.] атты тақырыпшалармен берілген оқиғалар қамтылған. Үшінші бапта «Шыңғыс ханның дүниеге келу тарихы» [6, 54 б.] сипатталады. Оның «Түрік шежіресі» көне түркі тілінің тазалығы мен қолжетімділігін сақтаған, түркітану мен тіл білімі үшін аса құнды еңбек болып табылады. Шығармадағы Шыңғыс қаған әулетіне қатысты мифологиялық және тарихи мәліметтер түрік-моңғол дүниетанымын тануда маңызды орын алады.

«Моңғолдың құпия шежіресінің» түпнұсқасы сақталмаған, ұйғыр жазуымен көне моңғол тілінде жазылған деген пікірді жақтаушы ғалымдар басым. Шығарманың алғашқы нұсқасы мен авторы туралы ғалымдардың арасында түрлі болжам бар. Жапондық тарихшы ғалым Конай Ясудзенің (Коноэ Ясухидэ) тұжырымдауынша, бұл шығарма моңғол тілінде түзілген төл тарихи-әдеби ескерткіш болып табылады. Ал мәтіні моңғол сөздерін қытай иероглифтері арқылы дыбыстық принциппен таңбалау жолымен хатқа түскен. Зерттеуші шығарманың тілдік-стильдік сипаты ауызша дәстүрмен сабақтас екенін және оның мазмұны Шыңғыс қаған әулетінің ішкі ортасына арналғанын атап көрсетеді. Сонымен қатар, бұл әйгілі туындының авторы қаған ордасының бас іс басқарушысы, бұрынғы Найман хан ордасының кеңсе қызметкері Тататұнға деген болжамға тоқталады.

Аталған шежіренің 196-бабында найманның Таян ханына жорық жасағанда қойынында мөрі (таңба) бар бір адамды – Тататұнғаны тұтқынға түсіреді. «Бұл мөрді неменеге керектенуші еді?», - деп сұраған Шыңғыс қағанға: «Абзал адамдарды мансапқа тағайындауда, жарлық шығару ісінде, қазына-мүлік пен азық-түлікті басқаруда таңба соның куәсі екендігін» [7, 126 б.] мәлімдейді. Сол оқиғадан кейін Шыңғыс қаған Тататұнғаға оң жағынан орын беріп, таңбаны қолына ұстатып ханзадалар мен төрелерге ұйғыр жазуын үйретуді бұйырған екен. Осы орайда, аталған туындының көне ұйғыр жазуымен хатқа түсуі мүмкін деген болжам келеді.

Неміс ғалымы Э. Хейниш пен чех моңғолтанушысы Поухоның пікірінше, Шыңғыс қағанға ең сенімді, мемлекеттік төреші, татар азаматы – Шикікұтық жазуы мүмкін. Ол ұйғырша хат таныған, Шыңғыс ордасының ішкі-сыртқы саяси істері мен қағанның бұйрықтарын орданың жасырын «Көк кітапшасына» тіркеп отырған адам болған деп жорамалданады [8, 9 б.].

«Моңғолдың құпия шежіресінің» 203-бабында Шыңғыс қаған Шикікұтықты Гүр елінің бас биі (қазысы) етеді. «Елдің барлық дәулетін бөліп, шағымды шешіп, оны көк дәптерге жазып, қаттап сақта. Шикікұтықтың маған сөйлесіп шешіп, ақ қағазға көк сиямен жазып, мұқабалап сақтағанын ұрқымның ұрқына дейін ешкім өзгертпесін» [7, 139 б.], - деп жарлық бергені хатталған. Ал 252-бабында Шыңғыс қаған Шикікұтықты «Сен үлкен дәстүрді ойға алыпсың» деп қатты мақтап, «Сен менің көретін көзім, естір құлағымсың ғой», - деген сөздермен ерекше сенімін білдіреді [7, 168 б.]. Шикікұтықтың Шыңғыс қаған тарапынан жоғары бағаланған тұлға болғаны Рашид ад-диннің еңбегінде кездеседі [4, 93 б.].

«Моңғолдың құпия шежіресінің» сөзбе-сөз қайталанатын тағы бір нұсқасы 1926 жылы Моңғолиядан табылған, XVII ғасырда жазылған Лувсанданзанның «Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын тобчы (Алтын түйін) болып табылады. Бұл тарихи туынды осы «Юань-чао-би-ши» деп қытайша аталған шежіренің моңғолдық нұсқасы. Қолжазбаның мәтіні 354 бет, 177 парақтан тұрады. Лувсанданзан «Құпия шежіредегі» сюжеттік желілерді негізге ала отырып, оқиғаларды буддалық (ламайлық)

космология тұрғысынан суреттейді. Темүжіннің дүниеге келуі мен Ұлы қаған ретінде жариялануын да осы дүниетаным аясында түсіндіреді [9, 22 б.].

Ғалымдардың басым көпшілігінің пайымдауынша, «Алтан товч» («Алтын шежіре») XVII ғасырдың ортасында, нақтырақ айтқанда 1651–1675 жылдар аралығында хатқа түскен тарихи-генеалогиялық еңбек болып саналады. «Алтан товчтың» бірқатар нұсқаларында «Моңғолдың құпия шежіресінің» мәтіні елеулі өзгеріссіз сақталып, сол қалпында қайталанатыны байқалады. Олай дейтініміз, «Алтантовч» жазылымында 12 бөлімнің тек алтыншы бөлімінің соңы, 7, 8 бөлімдер 12 бөлімнің соңғы баптары ғана жоқ [8, 12 б.]. Зерттеулер нәтижесінде «Құпия шежіренің» 282 бабының 233–і осы еңбекте қамтылған. XVII ғасырдың ортасында хатқа түскен «Алтан товчқа» дейінгі моңғол тарихына қатысты жазба дереккөздердің саны қырыққа жуық болғаны белгілі болды. Сонымен қатар деректанулық зерттеулер «Алтан товч» шығармасының өз ішінде екі нұсқасының бар екенін анықтады.

Бұл құнды жазба ескерткіштің әлемге танылуы XIX ғасырдың аяғында мүмкін болды. 1872 жылы Пекиндегі христиан дінінің өкілі, орыс қытайтанушысы Петр Иванович Кафаров (1817–1878 жж.) патша сарайының жасырын кітапханасынан осы мұраның толық көшірмесін сатып алады. Бұл 15 дәптерлі «Цянь Да Син-нің көшірмесі» екен. П.И.Кафаров сатып алған көшірмесінің қытайша жазылған сөздердің транскрипциясын орыс әрпімен жасап дайындайды. Ол 1978 жылы Пекинге келген моңғолтанушы А. Позднеевке «Юань-чао би-ши»-дің аталмыш көшірме нұсқасын тапсырады. А. Позднеев осы нұсқаны 1897 жылы жариялады [2, 30 б.]. Міне осы аударма көптеген елдердің ғалымдарының зерттеуіне бастау болды. «Моңғолдың құпия шежіресі» әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып көпшілік оқырманға таныстырылды.

1921 жылға қарай, Б. И. Панкратов «Юань-чао би-ши» моңғол мәтінін қалпына келтіру жұмысын бастаған кезде, бұл мәтіннің төрт қолжазба транскрипциясы – П. Кафаровтікі, Нака Митиёнікі, П. Пеллионың және Цэндэ-гунаның (немесе Цэнд-гунаның) нұсқалары бұрыннан бар еді, алайда олардың ешқайсысы жарияланбаған болатын. Осылайша, Б. И. Панкратов жасаған «Юань-чао би-ши» моңғол мәтінінің транскрипциясы әлемдік ғылыми айналымдағы бесінші нұсқа ретінде танылып, басқа жарияланымдардан өзгеше әзірленеді [10, 39 б.]. Бұл жайт аталған транскрипцияның дербес ғылыми еңбек ретінде құндылығын арттырып, мәтінтанулық тұрғыдан өзіндік орны бар екенін көрсетеді.

Неміс зерттеушісі Эрих Хейниш (Erich Haenisch, 1880–1966) 1931 жылы шығарманың екі тарауының қалпына келтірген мәтінін, аудармасын, түсіндірмесін, ал 1937 жылы толық транскрипциясын жасайды. Ал 1939 жылы мәтіннің моңғолша-немісше сөздігін жариялайды [2, 33 б.].

1941 жылы шығыстанушы С. А. Козин (1879–1956) бұл еңбекті орыс тіліне «Сокровенное сказание монголов» деген атаумен аударады. Аталған аударма ғылыми ортада мазмұндық және терминологиялық мәселелерге байланысты пікірталастар тудырды. С.А. Козиннің пайымдауынша, 1908 жылы Ли Вэнь-тяньнің (Вэн Тянь-сян) — XIII ғасырда моңғол шапқыншылығына қарсы күресімен танылған қытай қолбасшысы әрі жазушы — түсіндірмелерімен «Юань-чао би ши» атауымен «Гуан Гу Тан» баспасынан жарық көрген басылым алғаш рет жарияланған [11, 14 б.].

С.А. Козиннің қолжазбасы 1935 жылдың қыркүйегінде аяқталып, баспаға дайындық 1936 жылдың ақпанында басталды. Жаңадан аударылған шығарманың бірінші томының алғы сөзін КСРО Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Н. Поппе жазған. Н. Поппе бұл еңбектің маңызын «Илиада мен Одиссеяның, Нибелунгтар жырының немесе Игорь жорығы туралы жырдың алғаш табылып, жариялануымен тең» [11, 6 б.], - деп баға берген.

Алғысөзде бұл аса құнды көне моңғол әдеби ескерткіші XIX ғасырдың ортасында атақты орыс шығыстанушысы, синолог Палладий Кафаров тарапынан табылғаны, алайда жүз жылға жуық уақыт өтсе де, әлі толық зерттелмегені атап өтіледі. Сонымен қатар сол кезеңге дейін бұл

шығарманың орыс немесе өзге тілдерге аудармасы болмағаны айтылады. Кафаров қолжазбаны (қысқартылған аудармасы мен моңғол-қытай глоссарийін қоса алғанда) жан-жақты қарастыра отырып, мәтінді қытай тіліндегі транскрипция негізінде аударуда моңғол зерттеушілері үшін «еңсерілмейтін» қиындықтардың болғанын атап өтеді [11, 14 б.].

Кейіннен француз шығыстанушысы Пеллио Поль (Paul Pelliot) 1948 жылы «Құпия шежірені» толық аударып, Парижде «Histoire secrète des Mongols» деген атаумен жариялады. Сонымен қатар Ц. Дамдинсүрэн, Ш. Гадамба, Д. Цэрэнсодном сынды моңғол ғалымдары бұл ескерткішті зерттеуге елеулі үлес қосты. Аталған дереккөзді зерттеу барысында маңызды ғылыми жаңалықтар ашқан ғалымдардың бірі — Шанжмятавын Гадамба (1924–1993). Оның көпжылдық зерттеулерінің нәтижесінде 1979 жылы «Құпия шежіренің жұмбағы» атты жеке монографиясы жарық көрді. Моңғол ғалымы, академик Цэндийн Дамдинсүрэн (1908–1977) 1940 жылы «Моңғолдың құпия шежіресін» көне моңғол тіліндегі нұсқадан қазіргі моңғол тіліне алғаш рет көркем әдеби сипатта аударды. Бұл әдеби аударма қазақ тіліне М.Сұлтанияұлының тәржімалауымен 1969 жылы Баян-Өлгий қаласында жарияланды. Өлең жолдарын И. Байбатырұлы аударып, алғысөзін Б. Бұқатұлы жазды. Қазақ тіліндегі нұсқасы 1998 және 2009 жылдары Алматыда, сондай-ақ 2002 жылы Ұланбатырда қайта басылып шықты [12, 9 б.].

«Моңғолдың құпия шежіресінің» қазақ тіліндегі алғашқы аудармасын Напил Базылхан жасаған еді. Ол ғылыми аударма «Мәдени мұра» мемлекеттік стратегиялық бағдарламасы аясында 2006 жылы жарияланған болатын. 2018 жылы Напил Базылханның көне моңғол тіліндегі түпнұсқалық транскрипциясын, ғылыми сөзбе-сөз және мағыналық аудармасын, түсіндірмелерін, сөздігін, көрсеткіштерін жасаған жаңа еңбегі жарық көрді [2]. Бұл еңбекте шежіренің көне моңғол тілді түпнұсқа мәтінінің ғылыми транскрипциясы жаңадан қарастырылды, байырғы тілдің фонологиялық заңдылықтары ескерілді, әрбір сөз, сөз тіркестері мен этномәдени көне атаулардың нақты семантикасы, мағыналық ерекшеліктері, грамматикалық жүйесі толықтай зерделенді. Сондай-ақ көне мәтіннің мағыналық аудармасы жасалып, ғылыми түсіндірмелері, есімдер, этнос атаулары, географиялық көрсеткіштері дайындалған [2, 10 б.].

Бұл деректік шығарманы зерттеу мен аудару ісіне көптеген елдердің ғалымдары белсене атсалысып, оны көшпенділердің әлі толық танылмаған тілдік қабатынан қазіргі моңғол тіліне түсіру жұмыстарын жалғастырды. 1970 жылдары көне моңғол тілін зерттеуші австриялық ғалым Игорь де Рахевильц (I. de Rachewiltz) жетекшілігімен жүргізілген ауқымды әрі кешенді ғылыми талдау нәтижесінде туындының бірінші тарауы моңғол және ағылшын тілдерінде жарық көрді. Кейінірек, 1982 жылы АҚШ ғалымдары Фрэнсис Уэдман мен Игорь де Рахевильц (Кливеспен бірлесе отырып) әзірлеген тағы бір аударма нұсқасы Гарвард университетінің баспасынан кітап болып басылып шықты. Аталған еңбекте зерттеушілер шежіренің негізгі кілт сөздерін аударумен шектелмей, мәтіндегі деректерге кең көлемде ғылыми түсіндірмелер берген [13, 193 б.]. Бұл күрделі еңбекті жүзеге асыру үшін ғалымдар алдымен XII-XIII ғасырлардағы көшпенділер мәдениетін, дүниетанымын және тарихи-әлеуметтік ортасын терең зерттеген. Соның нәтижесінде олар шежіренің тарихи мазмұнын ғана емес, қолжазбаның тілдік, мәтіндік және мәдени қыр-сырын жан-жақты ашып, ғылыми тұрғыдан дәл әрі негізді аударма ұсынуға қол жеткізген.

«Моңғолдың құпия шежіресін» тікелей арнайы зерттеу нысанына айналдырмасада, шежіреде қамтылған деректерге сүйене отырып, көшпелі халықтардың дүниетанымы, рухани құндылықтары мен тарихи санасына қатысты еңбектер жазып, ғылыми пайымдаулар мен тұжырымдар жасаған отандық және шетелдік ғалымдар жеткілікті түрде кездеседі. Шоқан Уәлиханов бұл шығарманы тікелей зерттемесе де, оны Шыңғыс қаған дәуірінің ең маңызды дереккөздерінің бірі ретінде пайдаланған алғашқы ғалымдардың қатарында болды. Ол әйгілі тұлғаны тек моңғол емес, түрік-моңғол дүниесіне ортақ тарихи тұлға ретінде қарастырды.

Шығыстанушы ғалым қазақ даласында сақталған ауызша тарихи дәстүрдің ерекшеліктеріне арнайы тоқталып, оның мазмұндық тұрақтылығы мен берілу сенімділігіне назар аударады. Ғалымның пікірінше: «Ауызша берілгеніне қарамастан көптеген жылдар бойы және көптеген ұрпақ өкілдерінің аузынан өтсе де, жырлар мен аңыздар информаторлардың таңғажайып қабілеттері мен жадының және халықтың өлеңге, жырға, аңыздар мен ертегілерге деген махаббатының арқасында осы күнге дейін жеткілікті дәрежеде сақталған, ал олардың ұлан-байтақ даланың әр қиырынан жасалған көшірмелері бір-біріне өте ұқсас» [14, 161 б.]. Ш.Уәлихановтың бұл тұжырымы қазақ қоғамында қалыптасқан ауызша тарихи дәстүрдің сенімділігі мен тұрақтылығын айқындайды. Сонымен қатар, кең байтақ қазақ даласының әртүрлі өңірлерінде хатқа түскен нұсқалардың мазмұндық жағынан өзара ұқсас болуы ауызша тарихтың ішкі жүйелілігін, сондай-ақ оның дәстүрлі канондар мен қалыптасқан поэтикалық нормаларға бағынғанын көрсетеді.

Академик Әлкей Марғұлан: «Шыңғыс пен оның ұрпақтарының атына байланысты тарихи оқиғалардың ізі халық жырлары мен ертегі, әңгімелерінде айтылып, халық әдебиетінен үлкен орын алады», - деген ойды айтады [15, 301 б.]. Ғалымның бұл пайымы Шыңғыс қаған мен оның ұрпақтарына қатысты тарихи оқиғалардың халық жадында сақталып, жыр, ертегі, аңыз-әңгімелер арқылы ауыз әдебиетінде кеңінен көрініс тапқанын атап көрсетеді.

Сондай-ақ Ә. Марғұланның бұл шығарма туралы: «XIII ғасырдағы Ұлы дала тайпаларының ортақ тарихи ескерткіші, түрік пен моңғол тайпалары әлі толық жіктеліп үлгермеген кезеңнің дерегі, Қазақ халқының этногенезін түсінуде аса маңызды жазба көзі» [16], - деген пікірі бар. Осы тұжырымдарға сүйене отырып, бұл туындыны XII-XIII ғасырлардағы Ұлы дала кеңістігін мекендеген тайпалардың ортақ тарихи мұрасы, қазақ халқының этникалық қалыптасу үрдісін айқындауда ерекше маңызға ие кешенді дереккөз ретінде қарастыруға болады.

Қойшығара Салғараұлы: «Моңғолдың құпия тарихын» жазба дерекке жатқызғанымызбен оның Шыңғыс ханның кезіне дейінгісінің бәрі қағазға түскен ауызша тарихының дерегі екендігі. Сондықтан мұндағы шежірелік мағлұматтарды ауызша тарихтың дерек беру тәсілін ескере отырып зерделеген жөн» [17, 46 б.], - деп пайымдайды. Ғалым шығарманы тек моңғол тарихына тән дерек ретінде емес, түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының көне тарихын зерттеуде тікелей қатысы бар аса құнды жазба ескерткіш ретінде бағалайды.

Қ.Салғараұлы «моңғол» атауының түп төркіні — «көп құл» деген ұғымды білдіретін «мың» және «құл» деген екі сөзден шыққан деп болжайды [17, 28 б.]. Сонымен қатар «моңғол» атауын этникалық мағынадан гөрі саяси-әскери бірлестіктің атауы ретінде түсіндіреді. Шыңғыс қаған дәуіріндегі «моңғолдар» негізінен түркі текті тайпалардан құралғанын алға тартады, ал «моңғол» атауы кейін мемлекеттік атау ретінде орныққан құбылыс деп есептейді. Шыңғыс қаған заманында «моңғол халқы емес, моңғол әскери күші бар» деген тұжырымға сүйенген өзіндік әскери-тайпалық құрылым орнықты [18, 35 б.], - деп бұл пайымды Н. Крадин де қолдайды. Нәтижесінде «моңғол» ұғымы этникалық мағынадан гөрі саяси-әскери мазмұнға ие болып, империяның әскери қуатын қамтамасыз еткен негізгі факторлардың біріне айналды.

Профессор Бүркітбай Аяған: «Шыңғыс хан империясының қалыптасуының мән-жайын ішкі қыр-сырын ең көне моңғол тілді «Моңғолдың құпия шежіресі» мен Лувсанданзанның «Алтын шежіресі» береді [19, 12 б.]. Тарихшы ғалым өз еңбегінде Шыңғыс қаған империясы мен оның мұрагерлерінің мемлекеттік құрылымының тарихы туралы бұрын белгісіз болып келген бірқатар жаңа деректерді баяндайды. Сонымен қатар туындыдағы мәтіндерге ортағасырлық ғалымдардың келтірген деректері арқылы талдау жасайды.

Сергей Андреевич Козин «Моңғолдың құпия шежіресінің» он екі дәптерінде тікелей қамтылмаған бірқатар тақырыптарды арнайы қарастырған. Атап айтқанда, ол Темучиннің шығу тегі мен балалық шағына арналған «Родословная и детство Темучина», сондай-ақ «Юность Чингиса» [7, 32 б.] секілді бөлімдерді ғылыми тұрғыдан талдап, дербес түрде жүйелеп ұсынған.

Туындының мазмұндық бөлімдері мынандай:

1. Темүжіннің тегі мен балалық шағы.
2. Шыңғыстың жастық шағы.
3. Меркіттің жойылуы және Темүжінге «Шыңғыс қаған» атағының берілуі.
4. Жамұқамен және тайшуытпен күресі.
5. Татарды жоюы және Уаң ханнан ажырасуы.
6. Керейлерді иеленуі.
7. Уаң ханның өлімі және найман мен керейердің күйреуі.
8. Күшіліктің қашуы және Жамұқаның жойылуы.
9. Жасақ әскердің ұйымдастырылуы.
10. Ұйғырлар мен орман халықтарын иеленуі.
11. Қытай, таңғыт, түрік, Бағдат және орысты иеленуі.
12. Шыңғыстың өлімі және Өгедейдің қаған болуы.

Бұл шежіреде ғасырлар бойы Ұлы Дала кеңістігінде өмір сүрген найман, керей, қоңырат, меркіт, жалайыр тайпалары, сондай-ақ түркі тілдес қырғыз, ұйғыр, татар тайпаларының тарихы, салт-дәстүрлері мен өзара қарым-қатынастары жүйелі әрі көркем түрде баяндалған. Туындының 96–бабында қазақ тайпаларына қатысты маңызды деректер жазылған. Аталған бапта Темүжіннің әкесі Есугей батырмен достық қарым-қатынаста болған керей тайпасының билеушісі Уаң ханға Бөрте ханымның анасы жасауы ретінде әкелген қара бұлғын ішігін тарту етуі баяндалады [7, 46 б.]. Осындай тартуға риза болған Уаң хан былай дейді:

Қара Бұлғын ішігін
Қар болып текке кетпесін.
Тозғындаған еліңді
Топтастырып берейін.
Бытыраған еліңді
Біріктіріп берейін.
Әй дейтін болсын ажасы,
Қой дейтін болсын қожасы.

Осы оқиға барысында Темүжін Уаң ханды өзіне өкіл әке ретінде таниды, бұл көшпелі қоғамдағы туыстық және саяси одақтастықтың ерекше маңызын көрсетеді.

«Моңғолдың құпия шежіресінің» 104–126 баптарында Шыңғыс қағанның меркіт тайпасына қарсы жүргізген әскери жорықтары мен олардың толықтай талқандалуы сипатталады. Аталған соғыстар Шыңғыс қағанның билігін нығайтуға бағытталған саяси-әскери стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады және көшпелі тайпалар арасындағы билік үшін күрестің айқын көрінісін танытады [7, 50-65 бб.]. Сонымен қатар, аталған оқиғалар көшпелі тайпалар арасындағы билік үшін күрестің қатал сипатын, күш пен әскери ұйымдасудың шешуші рөлін көрсетеді. Меркіттерге қарсы жорықтар Шыңғыс қаған мемлекетінің қалыптасуындағы маңызды тарихи алғышарттардың бірі болып табылады.

Түріктер әлемнің әртүрлі географиялық аймақтарында, сан алуан климаттық жағдайларда өмір сүре отырып, көшпелі өркениет пен қалалық оазистер өзара тоғысқан ұлы империялар құрды. Олар адамзат тарихында алғашқылардың бірі болып бірқұдайшылыққа – Ұлы Тәңірге сену идеясын қалыптастырды. Сонымен қатар түріктер өзге діндер мен халықтардың әдет-ғұрыптарына құрметпен қараған жоғары деңгейдегі діни төзімділігімен ерекшеленді.

Темүжіннің Бұрқан-Қалдун тауында отырып, кеудесін еңкейтіп, Тәңіріне жалбарынуы шығарманың 103–бабында мынадай өлең жолдары арқылы суреттеледі:

Ата жаудан
Ап қалған,

Жетімек бізді
Жебеген,
Асқар тауым - иелім,
Бұрхан-қалдун киелім!
Үрейім ұша сыйынып,
Күн бойы бас иемін!
Өмір бақи ұлассын,
Бас иіп, құлдық етейік!
Бірден-берге жалғассын,

Табынып мәңгі өтейік!, - деп мойнына ерке баладай белбеу салып, тымағын жұмарлай ұстаған қолын кеудесіне басып, нұрлы күнге қарап, Бұрхан-Қалдун тауына тоғыз рет тағзым етіп, тілек тілеп, шашу шашады» [7, 49 б.]. Аталған дереккөзде Көк Аспан мен Мәңгі Тәңірдің жарылқауына қатысты тіркестер кеңінен қолданылған. Тәңір – көне түрік халықтарының ең жоғарғы құдайы, бүкіл ғаламның, табиғат пен адам тағдырының иесі ретінде танылған. «Мәңгі» эпитеті Тәңірдің уақыттан тыс, өзгермейтін, абсолютті күш екенін көрсетеді.

Келтірілген деректер Рашид ад-диннің моңғолдар мен татарлардың этникалық тегін түркілік негізде қарастырғанын және сол кезеңде Моңғолия аумағында түркі тайпаларының басым болғанын айғақтайды.

Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан т.б. отандық ғалымдардың басым көшілігін біріктіретін ортақ идея — «Моңғолдың құпия шежіресі» қазақ тарихына тікелей қатысты деген тұжырым. Бұл көзқарас аталған дереккөздің тек моңғол тарихына ғана емес, сонымен қатар түрік-моңғол халықтарының ортақ тарихи кеңістігі мен этномәдени байланыстарын зерделеуде маңызды екенін көрсетеді. Сонымен қатар, шығармада баяндалған оқиғалар мен тұлғалар қазақ халқының этногенезі мен тарихи жадын зерттеуде құнды мәліметтер береді.

«Моңғолдың құпия шежіресінде» түркі элементтерінің едәуір мол кездесуі тарихи-лингвистикалық тұрғыдан ерекше назар аудартады. Түрік тайпаларының атаулары да моңғолша транскрипция арқылы берілген: карлу’ут – қарлұқтар, канлин – қаңлы, кибча’т – қыпшақтар, баджигит – башқұрттар, уйгуд – ұйғырлар. Жеке кісі есімдері мен лауазымдық атаулардың қатарында Джалал-эд-дин, Мелик, сондай-ақ солтан, бек, идикут сияқты титулдардың кездесуі түрік мәдени-әкімшілік дәстүрінің ықпалын айқын көрсетеді [20, 276 б.].

Шығармада киелі кеңістік ұғымы таулар бейнесі арқылы көркем түрде бейнеленеді. Автор тауды тек табиғи нысан ретінде ғана емес, рухани мәні бар қасиетті мекен ретінде сипаттайды. Бұл бейне көшпелі халықтың дүниетанымымен тығыз байланысты. Көшпелі мәдениетте табиғат, әсіресе тау, өзен, дала секілді кеңістіктер ерекше құрметтеліп, киелі орын ретінде қабылданған.

Б. Панкратовтың сақталған аудармасы 282 баптың шамамен 200-ын қамтиды және көлемі жағынан «Юань-чао би-ши» мәтінінің үштен екісіне жуық бөлігін алып жатыр [3, 108 б.]. Ғалымның көп жылдық ғылыми еңбегі сол кезеңдегі саяси-идеологиялық жағдайдың ықпалымен толық көлемде жарияланбаған. Оның еңбегінің жекелеген бөліктері тек 1990 жылдардан кейін ғана ғылыми айналымға енгізіліп, жариялана бастады.

Кеңес өкіметі кезеңінде Жошы Ұлысының тарихын зерттеу негізінен «Құпия шежіреге» сүйеніп жүргізіліп, ол тек моңғол тілді мұра ретінде қарастырылды. Бұл тәсіл Шыңғыс қаған империясындағы түркі тілді халықтардың тарихи рөлін жеткілікті деңгейде көрсетуге мүмкіндік бермеді, нәтижесінде зерттеу контекстінде белгілі бір қателіктер мен шектеулер қалыптасты [21, 570 б.]. Аталған әдіснамалық ұстаным зерттеулердің бағыт-бағдарын айқындап, тарихи үдерістерді біржақты түсіндіруге алып келді. Мұндай зерттеу парадигмасы деректік интерпретацияда шектеулі көзқарастың қалыптасуына әсер етті.

С.А. Козиннің 1941 жылы шыққан «Сокровенное сказание монголов» еңбегінің алғысөзінде шығарманың толық мәтінін, аудармасын және зерттеуін жариялау орасан зор күшжігерді, ең бастысы қытай және моңғол тілдерін терең әрі жан-жақты меңгеруді талап ететін

еңбек екендігі атап көрсетіледі. Бұл міндетті кеңестік ғалым аса жоғары деңгейде, табысты түрде жүзеге асырды [21, 567 б.]. Шығыстанушы ғалымның аудармасы классикалық ғылыми еңбек ретінде қабылданып, әлемдік зерттеушілерге әдістемелік бағдар ретінде қызмет етті.

С.А. Козиннің еңбегінің алғы сөзінде сақталған көшірмеде аудармашылар тарапынан жиі кездесетін қателіктерге назар аударылса, Поппе де өзінің пікірінде: «С.А. Козин еңбегі жарияланғаннан кейін бұл ескерткішке қатысты барлық мәселелердің түпкілікті және толық шешілгенін айтуға болмайтынын» [11, 7 б.], - атап көрсеткен. Осылайша, моңғолтанушы ғалымның еңбегінің ғылыми маңыздылығына қарамастан, оның алғы сөзінде көрсетілген аударма кемшіліктері мен Н.Поппенің сын-пікірлері бұл жазба ескерткішке қатысты мәселелердің толық әрі түбегейлі шешімін таппағанын аңғартады.

Қорытынды. «Моңғолдың құпия шежіресі» – Шыңғыс қаған дәуіріндегі саяси, әлеуметтік және рухани үдерістерді кешенді түрде қамтыған бірегей тарихи-мәдени туынды. Аталған жәдігердің әлемдік зерттеушілер назарын аударуының басты себебі оның жазбаша түрде сақталуы және мазмұндық тұрғыдан жоғары деректік құндылығымен ерекшеленуі болып табылады. Туындының қазаққа тән дәстүрлі ауыз әдебиеті үлгісінде, яғни поэтикалық және кара сөздің қатар қолданылуы арқылы баяндалуы оның көркемдік деңгейін арттырып, классикалық тарихи шығарма ретінде бағалануына негіз болады. Шыңғыс қағанды өз дәуірінің аса көрнекті әскери қолбасшысы әрі Азия кеңістігінде тұңғыш біртұтас мемлекет құрған тарихи тұлға ретінде тануға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл ескерткіштің маңызы қазіргі заманғы тарих ғылымында да өзектілігін жоғалтпайды. Дереккөздің аудармасына қатысты түрлі пікірлер мен ғылыми тұжырымдардың болуы түпнұсқа мәтін негізінде кешенді зерттеулер жүргізудің өзектілігін күшейтеді.

Бұл деректік шығарма ғылыми айналымға енгеннен бері адамзат мәдениетінің ерекше құнды мұрасы ретінде бағаланып келеді. Көне мәдени ескерткіштерді тарихи-ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеу, олардың мазмұнын үздіксіз насихаттау және ұлттық құндылықтарды төл болмысында сақтай отырып кейінгі ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. – Алматы: Жазушы, 1983. – 240б.
2. Моңғолдың құпия шежіресі. Көне моңғол тіліндегі түпнұсқалық транскрипциясын, ғылыми сөзбе-сөз және мағыналық аудармасын, түсіндірмелерін, сөздігін, көрсеткіштерін жасаған Н.Базылхан. / Ғыл.ред: Д.Қыдырәлі, А.Тойшанұлы, Р.Мөнхтулга – Астана: «Ғылым», 2018. -562 б.
3. Панкратов Б. И. Образцы переводов из «Юань-чаоби-ши» (подготовка к печати и предисловие Ю. Л. Кроля). Москва «Наука» Издательская фирма «Восточная литература» 1993. – С.343.
4. Рашидад-дин Ф. Х. Жамиғ ат-тауарих (Тарихтар жинағы, XIVғ.): 5 т. – Астана: Фолиант, 2018. –Т. 1. – 596 б.
5. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадірғалиби Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272 б.
6. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы: Ана тілі, 2006. – 200 б.
7. Сұлтаняұлы М. Моңғолдың құпия шежіресі [Мәтін]: XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі [3-бас.], – Алматы : Өнер, 2009. – 216 б.
8. Қинаятұлы З. Шыңғысхан. –Алматы: Арда, 2008. – 432 б.
9. Лувсанданзан. Алтын шежіре. – Алматы: «Өнер», 2009. -224 б.
10. Кроль Ю.Л. О работе Б.И.Панкратова над «Юань-чао би-ши» // Страны и народы Востока, Вып. XXIX. – СПб.: «Петербургское востоковедение», 1998. – С.336.
11. Козин С.А. Сокровенное сказание: Монгольская хроника 1240 г. Под названием *Mongolun niyusa tobciyan Юань Чао Би Ши*: монг. Обыденный изборник.– М.;Л.,1941. – Т.1. – С.619.

12. Базылхан Б., Әбусейітова М. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. – Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2006. – 477 б.
13. Шамақайұлы Қ. Шыңғысхан жасампаз ба, жауыз ба?.. // Шыңғысхан 2021. №2.
14. Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие// Собр. соч.: 5т. – Алма-Ата, 1985. – Т.2. – С.416.
15. Марғұлан Ә. Шығармалары. 3-том. Алматы: «Алатау», 2007. – 488 б.
16. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985. – 368 б.
17. Салғараұлы Қ. Мыңғұл мен моңғол және үш Шыңғыс. – Алматы: «Үш Қиян», 2013. – 172 б.
18. Крадин Н.Н., Скрынникова Т.Д. Империя Чингизхана. – М.: Восточная литература, 2006. – С.558.
19. Б.Аяған. Ұлық-Ұлыс Алтын Орда мемлекеті тарихы. Дәрістер жинағы. – Алматы, ЖШС «Литера-М», 2020. - 216 б.
20. Шамшиденова Ф. «Моңғолдың құпия шежіресіндегі» топонимдер: тарихи география контексінде. // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2 (85), 2025. 268-279 б.
21. Ayagan B.G. On the history of the translation of "The secret history of the mongols" by S.A. Kozin // Otan tarikhy. 2025. Vol. 28. No. 3. Pp. 563-572.

References:

1. Berdibayev R. *The Inexhaustible Treasure*. – Алматы: Zhazushy, 1983. – 240 p. [in Kazakh]
2. *The Secret History of the Mongols. Critical edition with original transcription in Classical Mongolian, literal and semantic translation, commentary, dictionary, and indexes* by N. Bazylkhan. / Sci. eds.: D. Kudyrali, A. Toyshanuly, R. Munkhtulga – Astana: “Gylm”, 2018. – 562 p. [in Kazakh]
3. B. I. Pankratov. *Samples of Translations from “Yuan-chao bi-shi”* (prepared for publication and preface by Yu. L. Krol). Moscow: “Nauka”, Eastern Literature Publishing, 1993. – 343 p. [in Russian]
4. Rashid al-Din F. Kh. *Jami’ al-Tawarikh* (Collection of Histories, 14th c.), 5 vols. – Astana: Foliant, 2018. – Vol. 1. – 596 p. [in Kazakh]
5. Syzdykova R., Koigeldiev M. *Qadirgali Bi Qosymuly and His Collection of Chronicles*. – Алматы: Kazakh University, 1991. – 272 p. [in Kazakh]
6. Abulgazy. *Turkic Genealogy*. – Алматы: Ana Tili, 2006. – 200 p. [in Kazakh]
7. Sultanayuly M. *The Secret History of the Mongols [Text]: Chronicles of Nomads in the 12th–13th Centuries [3rd ed.]* – Алматы: Öner, 2009. – 216 p. [in Kazakh]
8. Kinayatuly Z. *Genghis Khan*. – Алматы: Arda, 2008. – 432 p. [in Kazakh]
9. Luvsandanzan. *The Golden Chronicle*. – Алматы: Öner, 2009. – 224 p. [in Kazakh]
10. Krol Yu. L. *On the Work of B. I. Pankratov on “Yuan-chao bi-shi”* // *Countries and Peoples of the East, Issue XXIX*. – St. Petersburg: Petersburg Oriental Studies, 1998. – 336 p. [in Russian]
11. Kozin S. A. *The Secret Tale: Mongol Chronicle of 1240 under the Name Mongolun niyuca tobciyan (Yuan Chao Bi Shi): Mongolian Everyday Anthology*. – Moscow; Leningrad, 1941. – Vol. 1. – 619 p. [in Russian]
12. Bazylkhan B., Abuseitova M. *Mongolian Sources on the History of Kazakhstan*. – Алматы: Daik-Press, 2006. – 477 p. [in Kazakh]
13. Shamaqaiuly Q. *Genghis Khan: Creative or Cruel?* // *Genghis Khan, 2021, №2*. [in Kazakh]
14. Valikhanov Ch. Ch. *Kyrgyz Genealogy* // *Collected Works, 5 vols*. – Alma-Ata, 1985. – Vol. 2. – 416 p. [in Russian]
15. Margulan A. *Works. Vol. 3*. – Алматы: Alatau, 2007. – 488 p. [in Kazakh]
16. Margulan A. *Ancient Poems and Legends*. – Алматы, 1985. – 368 p. [in Kazakh]
17. Salgarauly Q. *Mynghul and Mongol and Three Genghises*. – Алматы: Üsh Qiyan, 2013. – 172 p. [in Kazakh]

18. Kradin N. N., Skrynnikova T. D. *The Empire of Genghis Khan*. – Moscow: Eastern Literature, 2006. – 558 p. [in Russian]

19. B. Ayagan. *History of the Ulus of the Golden Horde: Lecture Collection*. – Almaty: Litera-M, 2020. – 216 p. [in Kazakh]

20. Shamshidenova F. “Toponyms in the Secret History of the Mongols: In the Context of Historical Geography.” // *Bulletin of Abai KazNPU, “Historical and Socio-Political Sciences” series*, №2 (85), 2025. – P. 268–279. [in Kazakh]

21. Ayagan B.G. *On the history of the translation of "The secret history of the mongols" by S.A. Kozin* // *Otan tarikhy*. 2025. Vol. 28. No. 3. Pp. 563-572. [in English]

МРНТИ/FTAXP/IRSTI 03.81.37

УДК/ӘӨЖ /UDC 973 (94)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.025>

О. Х. Мұхатова^{ID*1}, Д.Б. Қасымова^{ID2}

¹ тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы,
E-mail: Orazgul7@rambler.ru

<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>

² тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы,
E-mail: didarkassymova87@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-8521-9818>

ШЕТЕЛДІК ӘДЕБИЕТТЕГІ СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада шетелдік ғылыми әдебиетте советтік Қазақстан тарихының жекелеген мәселелерінің көрініс табуы көрсетіледі. Тақырып – «шетелдік зерттеушілердің тұжырымдары бұрмаланған, олар тарихи шындықпен үйлеспейді» деген көзқарасты қайта сын тезінен өткізу тұрғысында өзекті. Тарихнамалық шолу советтік Қазақстан тарихы мәселелерінің өткен ғасырдың орта кезінен бастап күні бүгінге дейін шетелдік зерттеушілердің назарында болып келгендігін дәлелдейді. Шетелдік әдебиетте өлкеде қазан революциясының орнатылуы және одан кейінгі кезеңдердегі советтік қайта құрулар, 1931–1933 ашаршылық, тың игерудің республика экономикасына ықпалы мәселелерін қарастыруға басымдылық берілген. Қазақстандық ғылымда советтік Қазақстан тарихының шетелдік тарихнамасы талданған кешенді зерттеу орын алмаған, өйткені тәуелсіздік алғанға дейінгі уақыттарда «фальсификаторлардың» еңбектерін талдауға тиым салынған. *Зерттеудің мақсаты* ХХ–ХХІ алғашқы ширегіндегі советтік Қазақстан тарихын шетелдік зерттеушілердің қарастыруын, тұжырымдарын, ғылыми еңбектердің өзіндік ерекшеліктерін айқындау; методологиялық ұстанымдарын және зерттеу бағыттарын айқындау; еңбектердің ғылыми маңызы мен кемшіліктерін көрсету болып табылады. Мақалада ХХ–ХХІ алғашқы ширегіндегі советтік Қазақстан тарихы мәселелерінің шетелдік тарихнамасына шолу жасалды. Ондаған жылдар бойы шетелдік ғалымдардың еңбектері отандық тарихшылар үшін беймәлім болып келді. Олардың зерттеу бағыттарынан, ұстанымдарынан қазақстандық тарихшылар тарихты зерттеудің дүниежүзілік ғылыми үдерісінен қол үзген еді. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін тарихшыларға советтік Қазақстан тарихын зерттеуде балама ой-пікірлермен танысу мүмкіндігі туды. Шетелдік зерттеушілер советтік Қазақстан